

119. МАҢМАҢҒЕР

Орындаған Қайрат Байбосынов

Орташа, біркелкі ырғақпен.

Маң-маң - гер, ке - кі - лің кел - те, жа - лың май - да, Ө - сір - ген
се - ні сақ - тап қал - ка - тай - да. Же - лі - сің
жел ма - я - дай, жа - ну - а - рым, Кө - ре - йін қы - зы - ғың - ды
о - сын - дай - да. А - хау, Маң - маң - ге - рім, Сан - дал ке - рім,
Деп сал - ған о - сын - ау ән - ге, А - қан се - рің.

Маңмаңгер, кекілің келте, жалың майда,
Өсірген сені сақтап қалқатайда.
Желісің жел маядай, жануарым,
Көрейін қызығыңды осындайда.

Қайырмасы:

Ахау, Маңмаңгерім,
Сандал керім.
Деп салған осынау әнге,
Ақан серің.

Маңмаңгер, ән қосайын жүрісіңе,
Дер екен, қалқа қалай келісіме.
Сыдыртып Маңмаңгермен келе жатып,
Осынау ән күйіндіріп түсті есіме.

Қайырмасы:

Маңмаңгер, кекілің келте, жалың майда,
Бал татыр қант қосса қағаз шайға.
Кісіден анау-мынау жалтару жоқ,
Ақ көйлек, дүрия бешпет, сәулем қайда.
Қайырмасы.